

**Инновациялық Еуразия университетінің жоғары колледжіне
студенттерді қабылдаудың 2026-2027 оқу жылына арналған
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ережелер

1. Осы ИнЕУ жоғары колледжіне оқуға қабылдаудың 2026-2027 оқу жылына арналған қағидалары "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11-тармақшасына, "Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына сәйкес оқуға қабылдау тәртібін, Павлодар облысы әкімдігінің 28.05.2015 жылғы №153/5 қаулысымен бекітілген "Техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін белгілейді

2. ИнЕУ жоғары колледжіне негізгі орта (негізгі жалпы), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі, жоғары (жоғары кәсіптік) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет алса, беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік тапсырысқа сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік білім алуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады

3. ИнЕУ жоғары колледжіне оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдар үшін "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 28 ақпандағы № 288 қаулысымен бекітілген қабылдау квотасы көзделеді.

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар қатарындағы азаматтар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар – 1 пайыз;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы жауынгерлік қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер-0,5 пайыз;

3) ауыл жастары қатарындағы азаматтарды ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқытуға-35 пайыз;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар-4 пайыз;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай - ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары-1 пайыз;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары-5 пайыз;

7) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан

балалар-5 пайыз;

8) осы мәртебесі кемінде үш жыл толық емес отбасылар қатарындағы балалар-1 пайыз;

9) бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек адамдар – 1 пайыз.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары білімі бар адамдар үшін түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымы белгілейді.

2. 2. Техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын ИнЕУ жоғары колледжіне оқуға қабылдау тәртібі

Құжаттарды қабылдауды және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру

5. ИнЕУ жоғары колледжінде тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылардың құрамына қабылдау үшін қабылдау комиссиясы құрылды (12.01.2026 жылғы №1-04/07 бұйрық).

Қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңес өкілдерінен (болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдар мен білім беру ұйымдарының төрағасы, қабылдау комиссиясының мүшелері кіреді.

5-1. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізеді.

6. Білім беру ұйымының адамдарды өңірлерге барып оқуға қабылдау жөніндегі қабылдау комиссияларының жұмысын ұйымдастыру мәселелері тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша шешіледі.

7. Қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты орта буын мамандары мен қолданбалы бакалаврды даярлауды көздейтін күндізгі оқу нысанына 31 тамыздан бастап, кешкі және сырттай оқу нысанына 30 қыркүйектен бастап қабылдау комиссиялары ақпараттық стендтерге немесе ИнЕУ жоғары колледжінің интернет ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.

8. ИнЕУ колледжіне оқуға тұлғалардың өтініштерін қабылдау жүзеге асырылады:

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, арнаулы оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарына, қылмыстық – атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына түсу үшін – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 25 тамызына дейін, оқытудың кешкі нысанына-25 маусымнан бастап күнтізбелік жылдың 20 қыркүйегіне дейін;

2) мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі оқу нысанына орта буын мамандары мен қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша – негізгі орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 18 тамызына дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 тамызына дейін ақылы негізде-күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 25 тамызына дейін, кешкі және сырттай оқу нысандарына – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 20 шілдесіне дейін, педагогикалық, медициналық мамандықтар бойынша – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 15 тамызына дейін.

9. ИнЕУ ЖК колледжіне оқуға қабылдау өтінішіне қабылдаушылар келесі құжаттарды қоса тіркеуі тиіс: Білім туралы құжаттың түпнұсқасы; 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет; Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің уақытша міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есеп құжаттамалары формаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 075-У үлгісіндегі медициналық анықтама (әрі қарай – 075-У); Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер және туғаннан мүгедек тұлғалар үшін ҚР Денсаулық сақтау министрінің уақытша міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 031-У үлгісіндегі медико-әлеуметтік сараптама қорытындысы (әрі қарай – 031-У); Арнайы мемлекеттік

және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғаныс органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, әскери қызметшілер, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан (өлімі болған) немесе жарақат (жарақат, жарақат, контузия) нәтижесінде мүгедектік белгіленген медициналық қызметкерлердің балаларының (оның ішінде асырап алынған, тәрбиеленген, бірге тұратын асырап алушылар мен тәрбиеленушілер) мәртебесін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; Сандық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (идентификация үшін).

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар олардың мәртебесін айқындайтын құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік-шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;
- 2) азаматтығы жоқ адам - азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 3) босқын - босқын куәлігі;
- 4) пана іздеген адам – пана іздеген адамның куәлігі;
- 5) қандас - қандас куәлігі.

Порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) бірінің оның өкілінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініші;

2) электрондық түрдегі білім туралы құжат;

3) № 075-У нысаны бойынша, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар үшін электрондық медициналық анықтамалар 031-У нысаны бойынша медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы

4. арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғаныс органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, әскери қызметшілер және қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан (немесе мүгедектік белгіленген) медициналық қызметкерлердің балаларының (оның ішінде асырап алынған, тәрбиеленген, бірге тұратын асырап алушылар мен тәрбиеленушілер) мәртебесін растайтын электрондық құжат;

5. 3x4 см көлеміндегі сандық фотосурет.

Жеке басын куәландыратын құжат, білім туралы құжат, медициналық анықтамалар, мәртебесін растайтын құжат сияқты деректер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» жүйе арқылы алынады.

Қызмет көрсетуші портал арқылы жүгінген кезде, қызмет алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету туралы өтініштің қабылданғаны жөніндегі электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы расталған электрондық құжат түріндегі хабарлама-есеп жіберіледі. Қызмет алушыға осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес үлгіде құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі, онда келесі мәліметтер көрсетіледі:

1. тапсырылған құжаттардың тізімі;
2. құжаттарды қабылдаған қызметкердің фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және оның байланыс деректері.

Шектеу шаралары енгізілген жағдайда, төтенше жағдай жарияланғанда немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған аймақта қызмет алушылар аталмыш аймақта білім беру ұйымына бірінші тармақтағы 4) тармақша және осы тармақтың екінші абзацындағы 3) тармақшада көрсетілген құжаттарды шектеу шаралары алынып тасталғаннан немесе төтенше жағдайдың әрекеті тоқтатылғаннан кейін ұсынады.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды білім беру ұйымына қабылдау психолого-медико-педагогикалық кеңестің таңдалған мамандық бойынша оқуға қарсы көрсетілім жоқ деген қорытындысын ескере отырып, заңды өкілдердің бірі берген өтініш негізінде жүзеге асырылады. Тұлғаны куәландыратын құжаттар түлек өздері, ата-аналары немесе заңды өкілдері арқылы көрсетіледі.

Түлектерден түскен өтініштер ИнЕУ ЖК колледжінің оқу формалары бойынша және шарттық (ақылы) негізде жеке журналдарда тіркеліп, бөлек есепке алынады.

10. Мемлекеттік қызметті қызмет алушылар келесі жолдармен алады:

1. Қазақстан Республикасының орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін «электрондық үкімет» веб-порталында (әрі қарай – Портал);

2. шетелдік орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін ТжКББ ұйымдарында (әрі қарай – қызмет көрсетуші).

Сонымен қатар, Портал арқылы өтініш бергенге дейін өткен жылдардың түлектері балдарды автоматты есептеу үшін білім беру ұйымында білім туралы құжатты цифрлық форматқа көшіруі тиіс.

Құжаттар осы Ережелердің 1-қосымшасына сәйкес «Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (әрі қарай – Тізбе) бойынша ұсынылады.

Қажет болған жағдайда, қызмет алушы «бір өтініш» принципі бойынша техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне жатақхана беру және техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілеріне кейбір азаматтардың, сондай-ақ қамқоршылықта (қамқорлықта) және патронаттағылардың тегін тамақтануын қамтамасыз ету туралы мемлекеттік қызметтерді «Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін алу кезінде өтініш бере алады.

Бұл ретте, «Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне жатақхана беру» мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу ережесін бекіту туралы» бұйрығына (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 13487) сәйкес көрсетіледі.

Ал, «Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілеріне кейбір азаматтардың, сондай-ақ қамқоршылықта (қамқорлықта) және патронаттағылардың тегін тамақтануын қамтамасыз ету» мемлекеттік қызметі Қазақстан Республикасының Білім министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 82 «Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері мен тәрбиеленушілеріне кейбір азаматтардың, сондай-ақ қамқоршылықта (қамқорлықта) және патронаттағылардың тегін тамақтануын қамтамасыз ету мемлекеттік қызметін көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығына (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 32226) сәйкес көрсетіледі.

10-1. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға өтініш келіп түскен күні құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді не көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда жүзеге асырады, құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қолхат береді.

10-2. Портал арқылы құжаттарды берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері келіп түскен күні өтінішті тіркеуді жүзеге асырады және оны жауапты тұлғаға орындауға жібереді. Өтініш жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі.

Қызмет алушы толық емес құжаттар пакетін және/немесе мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, қызмет көрсетушінің жауапты қызметкері өтініштің әрі қарай қаралуын негіздеген түрде баспа нұсқада немесе құжаттар Портал арқылы берілген жағдайда қызмет алушының «жеке кабинетіне» электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған электрондық құжат түрінде тиісті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы бас тарту туралы хабарлама жібереді (осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес).

Қызмет алушы толық құжаттар пакетін ұсынған кезде, қызмет көрсетушінің жауапты қызметкері техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымына құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны қызмет алушыға осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес жібереді.

10-3. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет

көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қызмет көрсетушінің шешімі, әрекеті (әрекетсіздігі) туралы шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызмет көрсетушінің басшысына немесе мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға жолдануы мүмкін.

Қызмет алушының қызмет көрсетушінің мекенжайына түскен шағымы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметтер туралы» Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралады.

Қызмет алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға түскен шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

12. Түлектерден түскен өтініштер «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде (әрі қарай – ҰБДҚ) тіркеледі.

13. Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс арқылы оқуға түскен тұлғалар (білім, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органның құзыретіндегі ТЖКББ ұйымдарын қоспағанда) білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы 25 маусымнан бастап ерікті түрде кәсіптік диагностикадан (анкета толтыру) өтеді.

14. Кәсіптік диагностиканың нәтижелері бойынша абитуриентке мамандық таңдауға қатысты ұсыныстар мен ұсынылған мамандықтарға қатысты кәсіптік карталар беріледі. Кәсіптік диагностика нәтижелері ұсынымдық сипатта болады.

15. Кәсіптік диагностикадан өткеннен кейін мемлекеттік тапсырыс бойынша педагогикалық мамандықтар мен арнайы және шығармашылық даярлықты талап ететін мамандықтарға оқуға түсушілер арнайы және/немесе шығармашылық емтихандар тапсыруға, медициналық мамандықтарға оқуға түсушілер психометриялық тестілеуден өту үшін ТЖКББ ұйымдарына ҰБДҚ ақпараттық жүйесі арқылы жолданады.

16. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша, орта буын мамандарды даярлауды көздейтін оқу бағдарламаларына түсу емтихандары төмендегідей өткізіледі:

1. негізгі орта білім (негізгі жалпы білім) бар үміткерлер үшін – негізгі орта білім беру бағдарламаларының көлемінде үш пәннен (қазақ немесе орыс тілі және мамандық профили бойынша екі пән);
2. мамандық бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары білім иелері үшін – сұхбат түрінде;

Орта буын мамандарды, қолданбалы бакалаврларды даярлау мамандығына түсушілер үшін:

1. жалпы орта білім негізінде – төрт пәннен (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық профили бойынша екі пән);
2. мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары білім иелері үшін – төрт пәннен: міндетті пәндер және мамандық бейіні бойынша екі пән.

Конкурс білім беру ұйымының өткізген қабылдау емтихандарының нәтижесінде алынған ұпайлар (бағалар) негізінде өткізіледі.

Қабылдау емтихандары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

Емтихан өткізу күні мен уақыты, орны көрсетілген кесте білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіліп, емтиханға 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей білім беру ұйымының ақпараттық тақталарында және интернет ресурстарында жарияланады.

Қабылдау комиссиясы үміткермен сәйкес бағыттар бойынша жеке сұхбат өткізеді.

Қабылдау комиссиясы әрбір үміткермен сұхбатты 20 минуттан аспай өткізеді.

Сұхбатқа арналған сұрақтар тізімі қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Кіріспе емтихандардың нәтижелері емтихан өткен күні білім беру ұйымының ақпараттық тақталарында немесе интернет ресурстарында орналастырылады.

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізімі Қабылдау типтік ережелерінің қосымшасына сәйкес анықталады.

17. ИнЕУ ЖК колледжінің өнер және мәдениет мамандықтарына оқуға түсушілер арнайы немесе шығармашылық емтиханнан «қанағаттандырмайды» бағасын алса немесе оларды негізсіз себепсіз тапсырмаса, қалған емтихандарға жіберілмейді.

18. Конкурста өтініш берген кезде үміткерлер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен мамандықтар мен квалификациялардан (қажет болған жағдайда) төрт мамандыққа дейін, ТжКББ кадрларды даярлау бойынша мемлекеттік тапсырысты орналастыру комиссиясы бекіткен төрт ТжКББ ұйымына дейін, оқу тілін (қазақ, орыс, ағылшын) және білім деңгейін тандайды.

19. Колледж осы Ережелердің 9-тармағында көрсетілген және өтініш берген тұлғаларды мамандық пен квалификацияны көрсетіп, 26 тамызға дейін Ұлттық білім беру деректер қоры (ҰБДҚ) ақпараттық жүйесінде тіркейді.

20. Конкурс білім беру ұйымы жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйе арқылы қабылданады. Конкурс үміткерлердің білім туралы құжаттарына сәйкес міндетті және бейіндік пәндердің орташа конкурс баллы негізінде жүргізіледі. Педагогикалық, медициналық мамандықтар мен шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін конкурс міндетті және бейіндік пәндердің орташа бағалары (баллдары), колледж өткізген арнайы және/немесе шығармашылық емтихандардың нәтижелері мен қабылдау квотасын ескере отырып, жүргізіледі.

21. Абитуриенттерді автоматты бөлуді Ұлттық білім дерекқоры (ҰБДҚ) ақпараттық жүйесі жүзеге асырады.

22. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде қабылдау комиссиясы 25 маусымнан бастап білім беру ұйымының сайтында техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер мен Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағына сәйкес қабылдау квотасы көзделген тұлғалар бойынша міндетті және бейінді пәндер бағаларының жиынтық балы немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстар нәтижелері көрсетілген үміткерлер тізімін қалыптастырады және оны күнделікті жаңартып отыруды қамтамасыз етеді.

Орта буын мамандар мен қолданбалы бакалаврларды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларына оқуға түсетіндер үшін білім туралы құжатқа сәйкес міндетті және бейінді пәндер бағаларының жиынтық балы негізінде оқуға қабылдау конкурсы өткізіледі.

Бағалаудың жиынтық балы қалыптасады:

Негізгі орта білімі (9 сынып) бар тұлғалар үшін – үш пән бойынша бағалардың жиынтығы: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі) және мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстардың (педагогикалық мамандықтар бойынша) бағалары негізінде;

Жалпы орта білімі (11 сынып) бар тұлғалар үшін – төрт пән бойынша бағалардың жиынтығы: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстардың (педагогикалық мамандықтар бойынша) бағалары негізінде;

Мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – төрт пән бойынша бағалардың жиынтығы: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән және/немесе шығармашылық конкурс және/немесе басқа да арнайы конкурстардың (педагогикалық мамандықтар бойынша) бағалары негізінде;

Мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін – білім туралы құжаттағы (дипломдағы) орташа балл негізінде; Басқа елдің білім туралы құжаты бар тұлғалар үшін, егер құжатта осы Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген міндетті және бейінді пәндер көрсетілмесе, міндетті және бейінді пәндердің тізбесін білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары белгілейді.

Бағалардың жиынтық балы тең болған жағдайда, бірінші кезекте білім туралы құжаттағы орташа балл және (немесе) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабының 8-тармағына сәйкес қабылдау квотасы көзделген тұлғалар санаты, сондай-ақ шығармашылық және арнайы конкурстардың нәтижелері ескеріледі.

Қабылдау квотасының мөлшері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (2017 жылғы 29 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістерімен) бекітілген

«Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау кезінде қабылдау квоталарының мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес айқындалады.

Қабылдау квотасы көзделген тұлғалар санатына жататындығын растайтын құжаттар білім беру ұйымының қабылдау комиссиясына оқуға қабылдау бойынша қорытынды отырысқа дейін ұсынылады.

23. Педагогикалық мамандықтар, арнайы немесе шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша білім беру ұйымына оқуға түсетін тұлғалар арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсырады, олар білім беру ұйымы тарапынан өткізіледі.

23-1. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру ұйымына оқуға түсетін тұлғалар шығармашылық және басқа да арнайы конкурстардан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы өтеді.

24. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу формасы осы Типтік ережелердің 2-қосымшасына сәйкес айқындалады.

25. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесі (емтихан өткізу формасы, күні, уақыты мен орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және ол құжаттарды қабылдау басталғанға дейін үміткерлерге хабарланады.

26. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына үміткер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда ғана жіберіледі.

27. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін үміткерге емтихан материалы беріледі және титулдық беттерді рәсімдеуге қойылатын талаптар түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелер жарияланатын уақыт пен орны және апелляция беру тәртібі хабарланады.

28. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері баға ведомосы түрінде рәсімделеді.

Арнайы емтихан «3», «4», «5» бағаларымен бағаланады.

Педагогикалық мамандықтар бойынша (қоспағанда «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы) арнайы емтихан «жіберілді» немесе «жіберілмеді» түрінде бағаланады.

28-1. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде шығармашылық және арнайы конкурстардың нәтижелері білім беру ұйымының қабылдау комиссиясының хаттамасымен рәсімделеді.

29. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан, сондай-ақ психометриялық тестілеу нәтижелері колледж тарапынан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қабылдау конкурсына (бұдан әрі – Конкурс) қатысу үшін ҰБДҚ ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

30. Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша үміткерге білім беру ұйымына ұсыну үшін баға ведомосынан үзінді беріледі.

31. Кіріспе емтихан нәтижелерін бағалау кезінде бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, даулы мәселелерді шешу және талапкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамы тақ сандағы мүшелерден тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы тестілеуден өтетін пәндер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері қатарынан қалыптастырылады. Бір пән бойынша педагогтердің саны кемінде екі адам болуы тиіс. Апелляциялық комиссия құрамынан көпшілік дауыспен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

31-1. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде апелляциялық комиссия шығармашылық және арнайы конкурстардың нәтижелері және/немесе бағалардың жиынтық балы бойынша конкурс нәтижелерін қарайды.

32. Кіріспе емтихан нәтижелерімен келіспеген адам апелляцияға өтініш береді. Апелляцияға өтініш емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күнгі сағат 13:00-ге дейін апелляциялық комиссияға беріледі және өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

32-1. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде конкурс нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға өтініш береді.

33. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамалармен рәсімделеді, оларды комиссия төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды.

34. Оқуға қабылдау конкурсын өткізу кезінде 21-тармаққа сәйкес балдардың жиынтығы есепке алынады.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

35. Орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) күндізгі оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 25-31 тамызы аралығында;

2) сырттай оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 21-20 қыркүйегі аралығында.

2. Орта буын мамандарын, қолданбалы бакалаврды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарына қабылдау Қабылдау комиссиясының ашық отырысында мамандықтар, оқыту тілдері бойынша жүргізіледі.

36. Қабылдау нәтижелері туралы ақпарат орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврды даярлауды көздейтін күндізгі оқу нысанына түсушілердің назарына күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, сырттай оқу нысанына күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін қабылдау комиссиялары білім беру ұйымының ақпараттық стендтеріне немесе интернет ресурстарына орналастыру жолымен жеткізіледі.

37. Колледжге қабылдау Қабылдау комиссиясының ашық отырысында мамандықтар мен оқыту тілдері бойынша бөлек өткізіледі.

38. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелерді ИнЕУ жоғары колледжінің қабылдау комиссиясы шешеді.

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

А. Т. Хамитова

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі

Код	Мамандықтардың атауы	Бейіндік пәннің атауы	
		негізгі орта білім беру базасында	жалпы орта білім беру базасында
0100000 — Білім беру			
0105023	Бастауыш білім (Бастауыш білім берудің Информатика мұғалімі)	Математика	Математика
105000	Бастауыш білім (біліктілігі: шет тілі мұғалімі)	Шетел тілі	Шетел тілі
111000	Негізгі орта білім (Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі)	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
0400000 – Өнер және мәдениет			
0402000	Дизайн (профиль бойынша)	Сурет және кескіндеме	Сурет және кескіндеме
0200000 — Құқық			
0201000	Құқықтану	Құқық негіздері	Дүниежүзілік тарих
0500000 — Қызмет көрсету, экономика және басқару			
0515000	Менеджмент (салалар бойынша)	Математика	Математика
0516000	Қаржы (салалар бойынша)	Математика	Математика
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика	Математика
0513000	Маркетинг	Математика	Математика
0512000	Аударма ісі	Иностранный язык	Шет тілі
0501000	Әлеуметтік жұмыс	Математика	Қазақстан тарихы
0507000	Қонақ үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Математика	Қазақстан тарихы
0900000 - Энергетика			
0901000	Электр станцияларының электр жабдықтары (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0902000	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	Математика	Математика

0911000	Электр және электромеханикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (түрлері бойынша)	Математика	Физика
0906000	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	Математика	Математика
0914000	Энергия аудиті	Математика	Математика
1200000 — Өндіріс, монтаждау, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)			
1201000	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	Математика	Математика
1206000	Жол қозғалысын ұйымдастыру	Математика	Математика
1226000	Тамақтандыру кәсіпорындарының өнімдерін өндіру технологиясы және ұйымдастыру	Биология	Химия
1300000 — Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар			
1305000	Ақпараттық жүйелер (қолдану салалары бойынша)	Математика	Математика
1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Математика	Математика
1307000	Электр байланысы мен сымды хабар таратудың желілік құрылыстарын пайдалану	Математика	Математика
1400000 — Құрылыс және коммуналдық шаруашылық			
1401000	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	Математика	Математика
0600000 – Метрология, стандарттау және сертификаттау			
0601000	Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	Математика	Математика

Ескертпе*: бейіндік пәннің атауын мамандық бойынша берілетін біліктілік түріне қарай білім беру ұйымы айқындайды.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі- портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша түсетін көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: 1) Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін арнайы оқу бағдарламалары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына, сондай-ақ діни білім беру ұйымдарына, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау – күнтізбелік жылдың 25 маусымынан 25 тамызына дейін, кешкі оқу нысаны бойынша – 25 маусымнан 20 қыркүйекке дейін жүргізіледі; 2) Орта буын мамандар мен қолданбалы бакалаврларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, кейінгі орта білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс негізіндегі күндізгі оқу нысаны бойынша қабылдау: негізгі орта білім негізінде – 25 маусымнан 18 тамызға дейін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, кейінгі орта білім негізінде – 25 маусымнан 20 тамызға дейін; ақы төлеу негізінде – 25 маусымнан 25 тамызға дейін; кешкі және сырттай оқу нысандары бойынша – 25 маусымнан 20 қыркүйекке дейін; шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша – 25 маусымнан 20 шілдеге дейін; педагогикалық және медициналық мамандықтар бойынша – 25 маусымнан 15 тамызға дейін; 3) Қызмет алушының құжаттар пакетін тапсыруға күтуге болатын максималды уақыты – 15 минут; 4) қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут.
4	Қызмет көрсету нысаны	Электрондық / (бөліктен автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Техникалық және кәсіптік, кейінгі орта білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау туралы қолхат осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес беріледі немесе құжаттарды әрі қарай қарауды тоқтату негіздері 9-пунктте көрсетілген негіздерге сәйкес дәлелді бас тарту жасалып, қолхат осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес беріледі. Портал арқылы өтініш берген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қызмет алушының «жеке кабинетіне» электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) расталған электрондық құжат түрінде және SMS-хабарлама арқылы жіберіледі..

6	Мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде қызмет алушыдан қызмет алынатын төлемнің мөлшері және оны алу тәсілдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.	Қызмет тегін көрсетіледі.
7	Қызмет көрсетушінің жұмыс кестесі:	Қызмет көрсетушінің жұмыс кестесі: дүйсенбіден сенбіге дейін, демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес және бекітілген жұмыс кестесі бойынша сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін. Порталдың жұмыс кестесі: тәулік бойы, жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда. Қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мерекелік күндері өтініш білдірген жағдайда, өтініш қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.
		Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары орналастырылған: 1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz; 2. Порталдың интернет-ресурсында: www.egov.kz.
8	Қызмет алушыдан мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұралатын құжаттар мен ақпараттардың тізімі:	Қызмет көрсетушіге жүгінген кезде: 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш; 2) білім туралы құжаттың түпнұсқасы; 3) 3x4 см өлшеміндегі сандық фото; 4) ҚР Денсаулық сақтау вице-министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы есеп құжаттамасының формаларын бекіту туралы (Реестрде № 21579 тіркелген) 075-У формасындағы медициналық анықтама; бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер және бала кезінен мүгедектігі бар тұлғалар үшін ҚР Денсаулық сақтау вице-министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 031-У формасындағы медико-әлеуметтік сараптама қорытындысы (Реестрде № 21579 тіркелген).

5) арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет, әскери қызметшілердің, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде алған жарақаты (жаралануы, жарақаты, контузиясы) нәтижесінде қаза тапқан (қайтқан) немесе мүгедектік анықталған медициналық қызметкерлердің балаларының (оның ішінде асырап алынған, бірге тұратын үкіліктер мен үйленуік қыздары) мәртебесін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

6) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (идентификация үшін).

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар сондай-ақ тұрғылықты жер бойынша тіркеу туралы мөрі бар мәртебесін растайтын құжат ұсынады:

- 1) шетелдік – Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің тұруға рұқсаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) баспана іздеуші – баспана іздеушінің куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Портал арқылы ұсынылатын құжаттар:

1. қызмет алушының бір ата-анасының (немесе заңды өкілдерінің) ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат түріндегі өтініші, қызмет алушының нақты тұратын мекен-жайы көрсетілген;
2. электрондық форматтағы білім туралы құжат;
3. № 075-У формасындағы электрондық медициналық анықтамалар, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге, сондай-ақ балалық шақтан мүгедектерге арналған № 031-У формасындағы медико-әлеуметтік сараптама қорытындысы.

4. Балалардың мәртебесін растайтын электрондық құжат (соның ішінде асырап алынған, қамқорлыққа алынған, бірге тұратын пасыноктар мен падчерицалар) арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, азаматтық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің, әскери қызметшілердің, сондай-ақ қызмет бабында қаза болған (өлген) немесе жарақат (жарақат, жарақат, контузия) нәтижесінде мүгедектік тағайындалған медициналық қызметкерлердің мәртебесі туралы;

5. 3x4 см өлшеміндегі цифрлық фотосурет.

Құжаттың, жеке басын куәландыратын құжаттың, білім туралы құжаттың, медициналық анықтамалардың, қызмет алушының мәртебесін растайтын құжаттардың мәліметтері қызмет көрсетушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынады.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде, қызмет алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсетуге сұранымның қабылданғаны туралы электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) расталған электрондық құжат түрінде хабарлама-хабар беріледі. Қызмет алушыға құжаттарды қабылдау туралы түбіртек беріледі, ол осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес рәсімделеді және онда келесі мәліметтер көрсетіледі:

1. тапсырылған құжаттардың тізімі;
2. құжаттарды қабылдаған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты

		(бар болса), лауазымы және байланыс деректері. Шектеу шараларының мемлекеттік органдар тарапынан енгізілуі, төтенше жағдай режимінің енгізілуі, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың орын алуы кезінде қызмет алушылар аталған аумақта абзацтың бірінші тармағының 4) тармақшасында және екінші тармағының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды білім беру ұйымына тікелей ұсынады, шектеу шаралары алынып тасталғанға немесе төтенше жағдайдың аяқталғанына қарай.
9	Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	Қызмет алушының мемлекеттік қызмет алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) ондағы мәліметтердің (ақпараттардың) шынайы еместігін анықтау; • Қызмет алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсетуде қажет болатын материалдар, объектілер, деректер мен ақпараттардың осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; • Қызмет алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар болған жағдайда, ол шешім бойынша қызмет алушы мемлекеттік қызмет алу құқығынан айрылуы; • Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті шектеулі қолжетімді жеке деректерге қолжетімділік алу үшін қызмет алушының келісімінің болмауы
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	1) көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда немесе бір реттік парольмен куәландырылған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады; 2) көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай - ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.

Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттардың алынғаны туралы қолхат

Оқу орны _____
(оқу орнының атауы)

(елді мекен, аудан, қала және облыс атауы)

Құжаттардың қабылданғаны туралы № _____ қолхат

_____ мынадай құжаттар алынды:

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса)

1. Өтініш

2. _____

Қабылдады Т.А.Ә. (бар болса) _____ (қолы)

20__ ж. " __ " _____

Нысан

((Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)
(бұдан әрі-ТАӘ) немесе көрсетілетін
қызметті алушы ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тартқаны туралы қолхат

2013 жылғы 15 сәуірдегі №19-1 «Мемлекеттік қызметтер туралы» Қазақстан
Республикасының Заңына сәйкес, _____
(мекенжайды көрсету)

техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымы

мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Сіз ұсынған құжаттар пакеті толық емес болғандықтан және (немесе) мерзімі өткен
құжаттар болғандықтан, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атаулары:

1. _____
2. _____
3. _____

Бұл түбіртек екі дана етіп толтырылып, әр тарапқа бір данадан беріледі.

(Білім беру ұйымының қызметкерінің аты-жөні, қолы)

Орындаушы: _____ (аты-жөні)

Телефон: _____

Қабылдадым: _____ (қызмет алушының аты-жөні/қолы)

«_» _____ 20 ж.